| 51. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 54) тармақшасының жетінші абзацы | 87-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну<br>…<br>2. Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша **Мәжіліс** депутаттығына сайлау үшін адамдарды партиялық тізімге енгізу саяси партияның жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жүргізіледі. Саяси партиялардың партиялық тізімдерге осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын | 54) 87-бапта:<br>…<br>2-тармақ:<br>**бірінші бөліктегі «Мәжіліс» деген сөз «Парламент Мәжілісі» деген сөздермен ауыстырылсын;** | жетінші абзац **алып тасталсын.**<br><br>*Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша тиісті түзетулер көзделсін.* | **Депутаттар<br>Қожахметов А.Т.<br>Имашева С.В.<br>Абдрахманов С.А.<br>Әлтай А.Д.<br>Бижанова Г.Қ.<br>Дүйсенбинов Б.С.<br>Магеррамов М.М.<br>Нұркина А.Қ.<br>Рахымжанов Ә.М.<br>Сартбаев Б.М.<br>Симонов С.А.<br>Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы. Осы 87-баптың бүкіл мәтіні бойынша, сондай-ақ | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | адамдарды кіргізуге құқығы жоқ. | | | Конституциялық заңның мәтіні бойынша тиісті түзетулер біркелкі енгізілмейді. | |
| 52. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 54) тармақшасы-ның бесінші абзацы | **87-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну**<br><br>1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну құқығы - белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға, ал Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарға қатысты Ассамблея Кеңесіне тиесілі. | 56) 87-бапта:<br>1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Парламент Мәжілісінің депутаттығына:<br>1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға тиесілі;<br>2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.»; | жобаның 1-бабы 1-тармағы 54) тармақшасының бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:<br>"2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.»; | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Редакциясын нақтылау. Қоғамдық бірлестіктердің де, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің де Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсынуы туралы шешім қабылдауына байланысты. | **Қабылданды** |
| 53. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 54) | **87-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну** | 54) 87-бапта: | мынадай редакцияда жазылсын<br>«6. … | **Депутат Магеррамов М.М.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармақшасы-ның он үшінші – он жетінші абзацтары | 6. жоқ. | мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:<br>«6. …<br>Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) кандидатты ұсынуы тиісті округтік сайлау комиссиясына азаматтың ұсынуға келісуі туралы өтінішімен бірге жоғары басшы органның шешімін жіберу арқылы жүргізіледі.<br>Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі осы қоғамдық бірлестіктің мүшелері болып табылмайтын адамдарды кандидаттар ретінде ұсынуға құқылы. Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі | Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) кандидатты ұсынуы тиісті округтік сайлау комиссиясына азаматтың ұсынуға келісуі туралы өтінішімен бірге жоғары басшы орган **хаттамасынан үзінді көшірмені, құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмені** жіберу арқылы жүргізіледі.<br>Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі **(филиалы мен өкілдігі)** осы қоғамдық бірлестіктің мүшелері болып табылмайтын адамдарды кандидаттар ретінде ұсынуға | Редакциясын нақтылау. Қоғамдық бірлестіктердің де, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің де Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрбір сайлау округінде Парламент Мәжілісінің депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы шешім қоғамдық бірлестіктің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді. Қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі:<br>1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;<br>2) кандидаттың дауысқа түсуге келісуі туралы өтінішімен бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі. | құқылы. Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік **және** оның құрылымдық бөлімшесі **(филиалы мен өкілдігі)** әрбір сайлау округінде Парламент Мәжілісінің депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы шешім қоғамдық бірлестіктің, **оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің)** жоғары **басшы** органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді. Қоғамдық бірлестіктің, **оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің)** жоғары | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **басшы** органының шешімі:<br>1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;<br>2) кандидаттың дауысқа түсуге келісуі туралы өтінішімен **және құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмемен** бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.»; | | |
| 54. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасы-ның жаңа сегізінші абзацы | 89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу<br>…<br>2. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті | 56) 89-бапта:<br>1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді тіркеуді – Орталық сайлау комиссиясы, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттарды тіркеуді округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.»; | 56) тармақшада:<br>мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:<br>**«үшінші бөліктегі «Саяси партия ұсынған кандидат» деген сөздер «Кандидат» деген сөзбен ауыстырылсын;»;**<br><br>он төртінші абзацтағы **«салық** | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда активтері мен міндеттемелері туралы декларациялар ұсынады.<br>Саяси партия ұсынған кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары партиялық тізім тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.<br>**Саяси партия ұсынған кандидат** пен оның зайыбының (жұбайының) активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті. | 2-тармақта:<br>екінші бөлікте:<br>«Саяси партия ұсынған кандидат» деген сөздер «Кандидат» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>«тізім» деген сөзден кейін «және кандидат» деген сөздермен толықтырылсын;<br>төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;<br>мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2 және 4-3-тармақтармен толықтырылсын:<br>«4-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен кандидатты олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) тіркеуді мынадай құжаттар:<br>1) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің жоғары органының тиісті сайлау округі бойынша кандидатты ұсыну жөніндегі | **органының**» деген сөздер «**мемлекеттік кірістер органының**» деген сөздермен ауыстырылсын; | Қаралып отырған тармақшаның алтыншы абзацына сәйкес.<br>Редакциясын нақтылау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап үш күн ішінде тексереді.<br>Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап екі күн ішінде ұсынуға міндетті. | хаттамасынан үзінді көшірмелер, саяси партияны, қоғамдық бірлестікті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу туралы құжаттың көшірмесімен қоса;<br>2) азаматтың өзін ұсынған саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен осы сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат болып дауысқа түсуге келісуі туралы өтініші;<br>3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;<br>4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтері мен міндеттемелері туралы декларациялар тапсырғаны туралы **салық органының** анықтамасы;<br>…. | | | |
| 55. | Жобаның 1-бабы 56) тармақшасының жаңа | 89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу<br>… | **Жоқ** | 56) тармақша мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын: | **Депутат Перуашев А.Т.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тоғызыншы абзацы | 4. Тіркеуге бір саяси партиядан оған саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санының отыз процентінен аспайтын адамдар саны енгізілген бір ғана тізім жіберіледі.<br><br>Партиялық тізімде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс. | | "89-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:<br>"Партиялық тізімде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, **жастардың**, мүгедектігі бар адамдарың саны **жиынтығында,** оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс."; | **Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті**<br><br>Көптеген елдерде жастардың жоғарғы жас деңгейі 35 жасқа дейін көтеріледі. Бұл қалыптасқан үрдіс, қазіргі уақытта қоғамда болып жатқан оқиғаларды көрсететін объективті шындық. Жастар бағдарламаларына арналған мақсатты аудиторияның жас мөлшері кеңеюде, және көбісі кейінірек білім алып, кейінірек отбасын құру, бала туу туралы шешім қабылдағанға дейін жетеді.<br>Бұл өзгерістер болашаққа деген сенімділік пен оптимизмді нығайтуға, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.<br>Қазіргі уақытта жастар саясаты мәселелері жөніндегі | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | заң жобасы шеңберінде (Парламент Мәжілісінің қарауында) жастар шегін 35 жасқа дейін арттыруға қатысты пысықталуда. Үкіметтің қорытындысымен жастар шегін ұлғайту мақұлданды.<br>Бұл ретте, заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында осы конструкция ұсынылады.<br>Үш санат үшін бірыңғай квота енгізу. | |
| 56. | Жобаның 1 – бабы 1-тармағы 56) тармақшасы-ның оныншы-он бірінші абзацтары | 89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу<br>…<br>Жоқ. | 56) 89-бапта:<br>...<br>«4-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен кандидатты **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері)** тіркеуді мынадай құжаттар:<br>1) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті Қазақстан | «4-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен, **олардың құрылымдық бөлімшелерінен (филиалдары мен өкілдіктерінен)** кандидатты тіркеу мынадай құжаттар:<br>**1) құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын** | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің де, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің де Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу туралы құжаттың көшірмесімен қоса, саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің **жоғары** органының тиісті сайлау округі бойынша кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірмелер; | **жарғыдан үзінді көшірмені, саяси партияны, қоғамдық бірлестікті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу, құрылымдық бөлімшелерді (филиалдар мен өкілдіктерді) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеу туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, тиісті сайлау округі бойынша кандидатты ұсыну бойынша саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) жоғары басшы органының хаттамасынан үзінді көшірмелер;".** | | |
| 57. | Жобаның 1 – бабы 1-тармағы 56) тармақшасы-ның жиырма | 89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу<br>… | 56) 89-бапта:<br>…<br>3) мынадай жағдайларда: | мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) мынадай жағдайда:<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің де, | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жетінш і-отызыншы, отыз алтыншы абзацтары | Жоқ | саяси партия, қоғамдық бірлестік, кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, олар ұсынған кандидаттар, өзін-өзі ұсынған кандидаттар, сондай-ақ барлық аталған тұлғалардың сенім білдірген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізген;<br>сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;<br>сот саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олар ұсынған кандидаттардың, өзін-өзі ұсынған | **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері),** кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері),** олар ұсынған кандидаттар, өзін-өзі ұсынған кандидаттар, сондай-ақ сенім білдірген адамдар сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізген;<br>сот **саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің),** кандидаттың және (немесе) сенім білдірген | олардың филиалдары мен өкілдіктерінің де Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | кандидаттардың, сондай-ақ аталған барлық тұлғалардың сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br><br>....<br><br>Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша саяси партия, қоғамдық бірлестік ұсынған кандидатты тіркеуден бас тартылған немесе тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда, мұндай шешімге кандидаттың өзі де, кандидатты ұсынған саяси партия да, қоғамдық бірлестік те шағым жасай алады. | адамдардың басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;<br>сот саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, **олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің),** олар ұсынған кандидаттардың, өзін-өзі ұсынған кандидаттардың, сондай-ақ сенім білдірген адамдардың сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;»;<br><br>«Саяси партия, қоғамдық бірлестік, **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері)** ұсынған | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кандидатты тіркеуден бас тартылған немесе тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда, мұндай шешімге кандидаттың өзі де, кандидатты ұсынған саяси партия да, қоғамдық бірлестік те, **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) де** шағым жасай алады.»; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 58. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасы-ның жиырма тоғызыншы абзацы | 89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу<br>**...**<br>**Жоқ** | «4-3. Округтік сайлау комиссиясы:<br>…<br>3) мынадай жағдайларда:<br>….<br>**сот** кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған; | Жиырма сегізінші абзац «**сот**» деген сөзден кейін «**кандидатты ұсынған саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің,**» деген сөздермен толықтырылсын; | **Депутаттар**<br>**Қожахметов А.Т.**<br>**Имашева С.В.**<br>**Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.**<br>**Дүйсенбинов Б.С.**<br>**Магеррамов М.М.**<br>**Нұркина А.Қ.**<br>**Рахымжанов Ә.М.**<br>**Сартбаев Б.М.**<br>**Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>Конституциялық заңның 89-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес. | **Қабылданды** |
| 59. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасы-ның отыз үшінші және | **Жоқ** | 3) мынадай жағдайларда:<br>...<br>**Қазақстан Республикасының сыбайлас** | отыз үшінші абзац **алып тасталсын;**<br><br>отыз бесінші мынадай редакцияда жазылсын: | **Депутаттар**<br>**Қожахметов А.Т.**<br>**Имашева С.В.**<br>**Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | отыз бесінші абзацтары | | **жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, декларация беру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;**<br><br>**4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасына сәйкес, декларация беру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістер мен мүлік туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.** | **"4) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.»;** | **Дүйсенбинов Б.С.**<br>**Магеррамов М.М.**<br>**Нұркина А.Қ.**<br>**Рахымжанов Ә.М.**<br>**Сартбаев Б.М.**<br>**Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның 11-бабының 8-тармағына сәйкес күшін жою үшін ғана емес, тіркеуден бас тарту үшін де негіз бар. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 60. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасы-ның қырық бірінші және қырық екінші абзацтары | 89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу<br>...<br>6. ...<br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден алып тасталған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді. | 4) тармақшаның екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:<br>«Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімді, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді, кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді;»; | қырық бірінші және қырық екінші абзацтар **алып тасталсын.** | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы, қаралып отырған тармақшаның отыз алтыншы абзацын қайталауды болғызбау. | **Қабылданды** |
| 61. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасы-ның қырық үшінші және қырық төртінші абзацтары | 89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу<br>...<br>Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға екі күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына және (немесе) Жоғарғы Сотқа | 7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:<br>«Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға жеті күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына және (немесе) Жоғарғы Сотқа шағым жасауға | қырық үшінші және қырық төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7. Партиялық тізімді, бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға жеті күн мерзімде | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шағым жасауға болады. Бұл ретте Орталық сайлау комиссиясы немесе Жоғарғы Сот бір күн ішінде шағым бойынша шешім шығарады. | болады. Бұл ретте Орталық сайлау комиссиясы немесе Жоғарғы Сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде шағым бойынша шешім шығарады.»; | Орталық сайлау комиссиясына және (немесе) Жоғарғы Сотқа шағым жасалуы мүмкін. Бұл ретте, Орталық сайлау комиссиясы немесе Жоғарғы Сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде шағым бойынша шешім шығарады.»;». | Заң техникасы. | |
| 62. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 57) тармақшасы-ның бесінші абзацы | **90-бап. Кандидатураны алып тастау, Мәжіліс депутаттығына кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою**<br>…<br>Жоқ | 57) 90-бапта:<br>…<br>Саяси партияның және қоғамдық бірлестіктің басшы органы дауыс беретін күнге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркелгенге дейін және одан кейін кез келген уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсыныспен жүгіне отырып, Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат ұсыну туралы өз шешімінің күшін жоя алады. | мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«Саяси партияның және қоғамдық бірлестіктің**, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің)** басшы органы дауыс беретін күнге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркелгенге дейін және одан кейін кез келген уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсынумен жүгіне отырып, Парламент Мәжілісінің депутаттығына | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің де, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің де Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кандидат ұсыну туралы өз шешімінің күшін жоя алады.»; | | |
| 63. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 61) тармақшасы-ның бесінші және алтыншы абзацтары | 94-бап. Партиялық тізімдер бойынша Мәжіліс депутаттарының сайлауында дауыстарды санау<br>1. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.<br>2. Партиялық тізімдер бойынша сайлаудың нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының отырысында тиісті аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде белгіленеді, олар сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі. Сайлау нәтижелері туралы хаттама жасалады.<br>3. Дауыстарды санаудың нәтижесі мен сайлау нәтижесін анықтауға | 61) 94-бап мынадай редакцияда жазылсын:<br>«94-бап. Мәжіліс депутаттарының сайлауында дауыстарды санау<br>1. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу тиісті аумақтық **және** округтік сайлау комиссияларына жіберіледі.<br>2. Учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде тиісті аумақтық **және** округтік сайлау комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасайды, оған комиссиялардың төрағасы мен мүшелері қол қояды және дауыс берілген күннен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі. | 61) тармақшада:<br>үшінші және төртінші абзацтардағы «**және**» деген сөз «**немесе**» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>бесінші және алтыншы абзацтарындағы **«2-1» және «3»** деген цифрлар тиісінше **«3» және «4»** деген цифрлармен ауыстырылсын. | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі. | 2-1. Сайлау нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының отырысында тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде белгіленеді.<br>3. Дауыстарды санаудың нәтижесі мен сайлау нәтижесін айқындауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген қағидаларға сәйкес шешіледі.»; | | | |
| 64. | Жобаның 1-бабы 1-тармағының жаңа 65) тармақшасы | 97-1-бап. Депутаттық мандаттарды партиялық тізімдер бойынша дауыс берудің қорытындыларына қарай бөлу<br>…<br>5. Депутаттық мандаттарды бөлу кезектілігін саяси партияның басшы органы осы Конституциялық заңның 89-бабының 4-тармағына сәйкес партиялық тізімге | **Жоқ** | 1-тармақ мынадай мазмұндағы 65) тармақшамен толықтырылсын::<br>"97-1-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:<br>"Депутаттық мандаттарды бөлген кезде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, **жастардың**, мүгедектігі бар | **Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті**<br><br>**Депутат Перуашев А.Т.**<br><br>Көптеген елдерде жастардың жоғарғы жас деңгейі 35 жасқа дейін көтеріледі. Бұл қалыптасқан үрдіс, қазіргі уақытта қоғамда | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | енгізілген кандидаттар арасынан сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап он күннен кешіктірмей айқындайды.<br>Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде саяси партияның басшы органы алынған депутаттық мандаттарды бөлу кезектілігін айқындамаған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен партия алған депутаттық мандаттарды бөлу мемлекеттік тілдің әліпбилік ретімен тіркелген тізімдерге сай жүзеге асырылады.<br>Депутаттық мандаттарды бөлген кезде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың саны партия алған депутаттық мандаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс. | | адамдардың саны **жиынтығында,** партия алған депутаттық мандаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.»; | болып жатқан оқиғаларды көрсететін объективті шындық. Жастар бағдарламаларына арналған мақсатты аудиторияның жас мөлшері кеңеюде, және көбісі кейінірек білім алып, кейінірек отбасын құру, бала туу туралы шешім қабылдағанға дейін жетеді.<br>Бұл өзгерістер болашаққа деген сенімділік пен оптимизмді нығайтуға, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.<br>Қазіргі уақытта жастар саясаты мәселелері жөніндегі заң жобасы шеңберінде (Парламент Мәжілісінің карауында) жастар шегін 35 жасқа дейін арттыруға қатысты пысықталуда. Үкіметтің қорытындысымен жастар шегін ұлғайту мақұлданды. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Бұл ретте, заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында осы конструкция ұсынылады.<br>Үш санат үшін бірыңғай квота енгізу. | |
| 65. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 66) тармақшасы-ның алтыншы-сегізінші абзацтары | 100-бап. Конституциялық Кеңестің Мәжіліс депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы мәселені қарауы<br>…<br>3. Конституциялық Кеңес Конституцияны бұзу анықталған әкімшілік-аумақтық бөліністердің аумағында партиялық тізімдер бойынша Мәжіліс депутаттарының сайлауын Конституцияға сәйкес емес деп таныған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы бұл әкімшілік-аумақтық бөліністердің аумағындағы сайлауды жарамсыз деп тану және қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды. | 66) 100-бапта:<br>…<br>3-тармақта:<br>«Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>«Мәжіліс» деген сөз «Парламент Мәжілісі» деген сөздермен ауыстырылсын; | алтыншы-сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«3. Конституциялық Сот Конституцияны бұзу анықталған әкімшілік-аумақтық бірліктердің немесе сайлау округтерінің аумақтарында Мәжіліс депутаттарының сайлауын Конституцияға сәйкес емес деп таныған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы осы әкімшілік-аумақтық бірліктердің немесе сайлау округтерінің аумағындағы** | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Редакциясын нақтылау. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **сайлауды жарамсыз деп тану және қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.»;».** | | |
| 66. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 68) тармақшасының сегізінші абзацы | **Жоқ** | мынадай мазмұндағы 3-1 және **4-1-** тармақтармен толықтырылсын:<br>«3-1. Саяси партиядан мәслихат депутаттығына сайлау үшін партиялық тізімге енгізілген адам бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылуға құқылы емес.<br>**4-1.** Мәслихат депутаттығына кандидаттардың өзін-өзі ұсынуы азаматтардың тиісті округтік сайлау комиссиясына осы бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беруі арқылы жүргізіледі. | сегізінші абзацтағы **«4-1»** деген цифрлар **«5-1»** деген цифрлармен ауыстырылсын. | **Депутаттар**<br>**Қожахметов А.Т.**<br>**Имашева С.В.**<br>**Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.**<br>**Дүйсенбинов Б.С.**<br>**Магеррамов М.М.**<br>**Нұркина А.Қ.**<br>**Рахымжанов Ә.М.**<br>**Сартбаев Б.М.**<br>**Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 67. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 68) тармақшасының бесінші абзацы | **103-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну**<br>**1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну құқығы саяси партияларға тиесілі.** | 70) 103-бапта:<br>1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Мыналарды:<br>1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;<br>2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.»; | 68) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:<br>"2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.»;»; | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты. | **Қабылданды** |
| 68. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 68) тармақшасының | **103-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну**<br>…<br>**Жоқ** | 68) 103-бапта:<br>…<br>Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық | мынадай редакцияда жазылсын:<br>«Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің, сондай- | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тоғызыншы және он екінші абзацтары | | бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) кандидатты ұсынуы тиісті округтік сайлау комиссиясына жоғары басшы органның **шешімін** азаматтың ұсынуға келісуі туралы өтінішпен бірге жіберу арқылы жүргізіледі.<br>Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі осы қоғамдық бірлестіктің мүшелері болып табылмайтын адамдарды кандидаттар ретінде ұсынуға құқылы. Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік **не** оның құрылымдық бөлімшесі әрбір сайлау округінде мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім | бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) кандидатты ұсынуы тиісті округтік сайлау комиссиясына азаматтың ұсынуға келісуі туралы өтінішпен бірге, жоғары басшы органның **хаттамасынан үзінді көшірмені, құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмені** жіберу арқылы жүргізіледі.<br>Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі **(филиалы мен өкілдігі)** осы қоғамдық бірлестіктің мүшелері болып табылмайтын адамдарды кандидаттар ретінде ұсынуға құқылы. Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық | ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қоғамдық бірлестіктің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді. Қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі:<br>1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;<br>2) кандидаттың дауысқа түсуге келісуі туралы өтінішімен бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.»; | бірлестік **және** оның құрылымдық бөлімшесі **(филиалы мен өкілдігі)** әрбір сайлау округінде мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қоғамдық бірлестіктің**, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің)** жоғары **басшы** органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді. Қоғамдық бірлестіктің, **оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің)** жоғары **басшы** органының шешімі:<br>1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2) кандидаттың дауысқа түсуге келісуі туралы өтінішімен **және құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмемен** бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.»; | | |
| 69. | жобаның 1-бабы 1-тармағының 69) тармақшасы | 104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу<br>1. Саяси партиялар ұсынатын партиялық тізімдерді тіркеуді тиісті аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.<br>**1-1. Жоқ** | 69) 104-бапта;<br>тақырыптағы «кандидаттардың партиялық тізімдерін» деген сөздер «кандидаттарды» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>**1-тармақ «тізімдерді» деген сөзден кейін «, кандидаттарды» деген сөзбен толықтырылсын;**<br>мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:<br>**«1-1.** Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның | 69) тармақшада:<br>үшінші абзац алып тасталсын;<br><br>мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:<br>**«1-1. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеуді округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.»;**<br><br>бесінші абзацтағы «**1-1.**» деген цифрлар | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Конституциямен және осы Конституциялық заңмен қойылатын талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін жергілікті атқарушы органдардың шотына депозит ретінде заңнамада белгіленген ең төмен жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Егер сайлау қорытындылары бойынша кандидат мәслихат депутаты болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде бес пайызын алса, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда, енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады. Қалған барлық жағдайларда енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және республикалық | алып тасталсын. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бюджет кірісіне алынады.»; | | | |
| 70. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 69) тармақшасының алтыншы абзацы, жаңа жетінші абзацы | **104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу**<br>…<br>2. **Партиялық тізімге енгізілген кандидат** пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жеріндегі мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне **кірістер мен мүлік** туралы декларацияларды салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда ұсынады.<br>Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған **кірістер** | 2-тармақтағы «Партиялық тізімге енгізілген кандидат» деген сөздер «Кандидат» деген сөзбен ауыстырылсын; | мынадай редакцияда жазылсын:<br>"2-тармақта:<br>бірінші бөлікте:<br>«**Партиялық тізімге енгізілген кандидат**» деген сөздер «**Кандидат**» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>«**кірістер мен мүлік**» деген сөздер "**активтер мен міндеттемелер**" деген сөздермен ауыстырылсын;<br><br>мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:<br>"3-тармақтың 5) тармақшасындағы "**кірістер мен мүлік**" деген сөздер "**активтер мен міндеттемелер**" деген сөздермен ауыстырылсын; | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң жобасының мәтініне сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **мен мүлік туралы мәліметтердің анықтығын** мемлекеттік кіріс органдары кандидатты тіркеген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.<br>...<br>3. Партиялық тізімдерді тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүргізіледі:<br>…<br>5) мемлекеттік кіріс органының кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) **кірістер мен мүлік** туралы декларацияларды тапсырғандығы туралы анықтамалары; | | | | |
| 71. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 69) тармақшасы-ның сегізінші және тоғызыншы абзацтары | **104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу**<br>…<br>**Жоқ** | 69) 104-бапта:<br>…<br>«3-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен кандидатты тіркеуді **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері)** мынадай құжаттар:<br>1) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті | мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«3-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен, **олардың құрылымдық бөлімшелерінен (филиалдары мен өкілдіктерінен)** кандидатты тіркеу мынадай құжаттар: | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің **жоғары** органының тиісті сайлау округі бойынша кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірме; | 1) **құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмені,** саяси партияны қоғамдық бірлестікті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу, **құрылымдық бөлімшелерді (филиалдар мен өкілдіктерді) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеу** туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, **олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің)** жоғары **басшы** органының тиісті сайлау округі бойынша кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірме;»; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 72. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 69) тармақшасының он екінші және он жетінші абзацтары | 104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу<br><br>**3-1. Жоқ** | 69) 104-бапта:<br>…<br>мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:<br>«3-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен кандидатты тіркеуді олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) мынадай құжаттар:<br>…<br>4) кандидаттың және оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларациялар тапсырғаны туралы **салық органының** анықтамасы;<br>5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат болған кезде жүзеге асырады.<br>Кандидатты өзін-өзі ұсынған жағдайда, оны | он екінші және он жетінші абзацтарда:<br>«**салық органының**» деген сөздер «**мемлекеттік кірістер органының**» деген сөздермен ауыстырылсын; | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Редакциясын нақтылау. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тіркеу мынадай құжаттар:<br>1) осы сайлау округі бойынша кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш;<br>2) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;<br>3) кандидаттың және оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларациялар тапсырғаны туралы **салық органының** анықтамасы;<br>… | | | |
| 73. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 69) тармақшасы-ның жаңа жиырмасыншы абзацы | 104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу<br>…<br>4. Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс. | **Жоқ** | 1-тармақтың 69) тармақшасы мынадай мазмұндағы жиырмасыншы абзацпен толықтырылсын:<br>"4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4. Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен **жастардың саны** | **Депутат Перуашев А.Т.**<br><br>**Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті**<br><br>Көптеген елдерде жастардың жоғарғы жас деңгейі 35 жасқа дейін көтеріледі. Бұл қалыптасқан үрдіс, қазіргі уақытта қоғамда болып жатқан оқиғаларды көрсететін | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **жиынты**ғында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс."; | объективті шындық. Жастар бағдарламаларына арналған мақсатты аудиторияның жас мөлшері кеңеюде, және көбісі кейінірек білім алып, кейінірек отбасын құру, бала туу туралы шешім қабылдағанға дейін жетеді.<br>Бұл өзгерістер болашаққа деген сенімділік пен оптимизмді нығайтуға, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.<br>Қазіргі уақытта жастар саясаты мәселелері жөніндегі заң жобасы шеңберінде (Парламент Мәжілісінің қарауында) жастар шегін 35 жасқа дейін арттыруға қатысты пысықталуда. Үкіметтің қорытындысымен жастар шегін ұлғайту мақұлданды.<br>Бұл ретте, заңнаманың | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында осы конструкция ұсынылады.<br>Үш санат үшін бірыңғай квота енгізу. | |
| 74. | жобаның 1 – бабы 1-тармағы 69) тармақшасы-ның жиырма екінші-қырқыншы абзацтары | 104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу<br>…<br>6. Аумақтық сайлау комиссиясы:<br>1) партиялық тізімдерді тіркегеннен кейінгі жетінші күннен кешіктірмей **бұқаралық** ақпарат құралдарында саяси партияның атауын және партиялық тізімге енгізілген адамдардың санын, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген әрбір адамның тегін, атын, **әкесінің атын**, туған жылын, атқаратын лауазымын **(жұмысын)**, жұмыс орны мен тұрғылықты жерін көрсете отырып, тіркеу туралы хабар жариялайды; | 6-тармақта:<br>«Аумақтық» деген сөз «Тиісті» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) партиялық тізімдер мен кандидаттар тіркелгеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей:<br>партиялық тізімдер бойынша – саяси партияның атауын және партиялық тізімге енгізілген адамдар санын, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген әрбір адамның тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған жылын, атқаратын | жиырма екінші – қырқыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>«6-тармақта:<br>1) тармақшада:<br>«**бұқаралық**» деген сөз «**жергілікті бұқаралық**» деген сөздермен ауыстырылсын;<br>«**әкесінің атын**» деген сөздерден кейін «**(егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)**» деген сөздермен толықтырылсын;<br>«**(жұмысын)**» деген сөз «**(жұмысының түрін)**» деген сөздермен ауыстырылсын;<br>3) тармақшада:<br>үшінші абзацтағы «**,** | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Конституциялық заңның 104-бабы 6-тармағының 3) және 4) тармақшаларында қайталанатын нормаларды жою мақсатында, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес келтіру, Мәжіліс депутаттығына | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2) тіркеген кезде кандидаттарға тиісті куәлік береді;<br>3) мынадай жағдайларда:<br>саяси партия партиялық тізімді ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>партиялық тізімді ұсынған саяси партия, ол ұсынған кандидаттар, оның сенім білдірілген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін**, сайлау күні не оның алдындағы күні** жүргізген;<br>сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;<br>бүкіл партиялық тізімнің елу пайызынан астамын құрайтын адамдар партиялық тізімінен шыққан;<br>сот партиялық тізімді ұсынған саяси партияның | лауазымын (қызмет түрін), жұмыс орнын және тұрғылықты жерін;<br>кандидаттар бойынша – әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған жылын, атқаратын лауазымын (қызмет түрін), жұмыс орнын және тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай, оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және ұлттық тиесілілігі туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркеу туралы хабарламаны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;»;<br>3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) мынадай жағдайларда:<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, кандидат ұсыну | **сайлау күні не оның алдындағы күні**» деген сөздер алып тасталсын;<br>4) тармақшада:<br>үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, декларацияны тапсыру кезінде кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;»;**<br>бесінші абзацтағы «, сайлау күні не оның алдындағы күні» деген сөздер алып тасталсын;<br>мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:<br>«6-1. Округтік сайлау комиссиясы: | кандидаттарға қойылатын талаптарды заңнама деңгейінде белгілеу, Конституцияның 54 және 61-баптарына қайшы келеді, заң техникасы. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | немесе оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br>осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.<br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді қалпына келтіруге жол берілмейді;<br>4) мынадай жағдайларда:<br>партиялық тізімге енгізілген адам Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда кандидатқа қойылатын талаптарға сай келмеген;<br>Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес декларация тапсыру кезіне кандидат немесе | қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>партиялық тізімді ұсынған саяси партия, саяси партия, қоғамдық бірлестік, олар ұсынған кандидаттар, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттар, сондай-ақ барлық аталған тұлғалардың сенім білдірілген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізген;<br>сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;<br>бүкіл партиялық тізімнің елу пайызынан астамын құрайтын адамдар партиялық тізімінен шыққан; | 1) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттарды тіркегеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған жылын, атқаратын лауазымын (жұмысының түрін), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін көрсете отырып, кандидатты тіркеу туралы хабарламаны, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай, оның саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы мен қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтерді жариялайды;<br>2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістер мен мүлік туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған;<br>партиялық тізімге енгізілген адам өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызметтік жағдайын пайдаланған;<br>партиялық тізімге енгізілген адам сайлау алдындағы үгітті партиялық тізімді тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не оның алдындағы күні жүргізген;<br>сот партиялық тізімге енгізілген адамның немесе оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br>осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешім қабылдайды.<br>Партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы | сот партиялық тізімді ұсынған саяси партияның, саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олар ұсынған кандидаттардың, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттардың, сондай-ақ барлық аталған тұлғалардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br>кандидаттың Конституциямен, осы Конституциялық заңмен және заңнамамен өзіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;<br>кандидаттың өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдалануы;<br>**Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы** | кандидаттарға тіркеу кезінде тиісті куәлік береді;<br>3) мынадай жағдайларда:<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, олар ұсынған кандидаттар, өзін-өзі ұсынған кандидаттар, сондай-ақ сенім білдірген адамдар сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізген;<br>сот кандидаттың және (немесе) сенім білдірген адамдардың басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шешімге партиялық тізімді ұсынған саяси партия не партиялық тізімнен шығарылған адам сотқа шағым жасай алады, соттың шешімі түпкілікті болып табылады.<br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімге енгізілген адамды шығару туралы шешім қабылдауға жол берілмейді. | **заңнамасына сәйкес, декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған;**<br>осы Конституциялық заңмен белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді немесе кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.<br><br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімді, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді, кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.»;<br>6-тармақтың 3) тармақшасының екінші бөлігіндегі «тізімді» | сот саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олар ұсынған кандидаттардың, өзін-өзі ұсынған кандидаттардың, сондай-ақ сенім білдірген адамдардың сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br>кандидат Конституциямен, осы Конституциялық заңмен өзіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;<br>кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымын немесе қызмет жағдайын пайдаланған;<br>осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда,<br>бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;<br>4) декларацияны | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | деген сөзден кейін «, кандидатты» деген сөзбен толықтырылсын; | тапсыру кезінде кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.<br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.». | | |
| 75. | Жобаның 1 – бабы 1-тармағы 69) тармақшасының отызыншы-отыз төртінші, қырық екінші | **104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу**<br>**…**<br>6. Аумақтық сайлау комиссиясы: | 69 104-бапта:<br>…<br>«3) мынадай жағдайларда:<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін | мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) мынадай жағдайларда:<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, **олардың құрылымдық** | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің мәслихат | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | абзацтары | …<br>3) мынадай жағдайларда:<br>саяси партия партиялық тізімді ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>партиялық тізімді ұсынған саяси партия, ол ұсынған кандидаттар, оның сенім білдірілген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не оның алдындағы күні жүргізген;<br>сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;<br>бүкіл партиялық тізімнің елу пайызынан астамын құрайтын адамдар партиялық тізімінен шыққан;<br>сот партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе оның сенім білдірілген адамдарының | қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>партиялық тізімді ұсынған саяси партия, саяси партия, қоғамдық бірлестік, олар ұсынған кандидаттар, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттар, сондай-ақ барлық аталған тұлғалардың сенім білдірілген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізген;<br>сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;<br>бүкіл партиялық тізімнің елу пайызынан астамын құрайтын адамдар партиялық тізімінен шыққан; | **бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері),** кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;<br>саяси партия, қоғамдық бірлестік, **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері),** олар ұсынған кандидаттар, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттар, сондай-ақ барлық аталған тұлғалардың сенім білдірілген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізген;<br>сот **саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің),** кандидаттың және (немесе) оның сенім | депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br>осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.<br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді қалпына келтіруге жол берілмейді; | сот партиялық тізімді ұсынған саяси партияның, саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олар ұсынған кандидаттардың, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттардың, сондай-ақ барлық аталған тұлғалардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br>кандидат Конституциямен, осы Конституциялық заңмен және заңнамамен өзіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;<br>кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған;<br>Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, декларацияны тапсыру | білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;<br>сот партиялық тізімді ұсынған саяси партияның, саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, **олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің),** ол ұсынған кандидаттардың, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттардың, сондай-ақ барлық аталған тұлғалардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;<br>...<br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;<br>осы Конституциялық заңмен белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді немесе кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.<br>Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімді, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді, кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.»;<br>7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7. Партиялық тізімді, кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға жеті күн | партиялық тізімді, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді, кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.»;<br>7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7. Партиялық тізімді, кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға жеті күн мерзімде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша саяси партия, қоғамдық бірлестік **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері)** ұсынған кандидатты тіркеуден бас тартылған немесе тіркеу туралы шешімнің күші жойылған | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мерзімде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша саяси партия, қоғамдық бірлестік ұсынған кандидатты тіркеуден бас тартылған немесе тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда, мұндай шешімге кандидаттың өзі де, кандидатты ұсынған саяси партия да, қоғамдық бірлестік те шағым жасай алады. Бұл ретте, жоғары тұрған сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде шағым бойынша шешім шығарады.»; | жағдайда, мұндай шешімге кандидаттың өзі де, кандидатты ұсынған саяси партия да, қоғамдық бірлестік те, **олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) де** шағым жасай алады.»; | | |
| 76. | Жобаның 1 – бабы 1-тармағы 70) тармақшасы-ның бесінші және алтыншы абзацтары | 105-бап. Кандидатураны алып тастау, мәслихат депутаттығына кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою<br>... | 70) 105-бапта:<br>2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Саяси партияның **не оның тиісті филиалының (өкілдігінің)** басшы | мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Саяси партияның**, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен** | **Депутат Магеррамов М.М.**<br><br>Қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. Саяси партияның не оның тиісті филиалының (өкілдігінің) басшы органы тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кезеңде аумақтық сайлау комиссиясына мәслихат депутаттығына кандидатты партиялық тізімнен шығару туралы тиісті ұсыныспен жүгіне алады. | органы дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кезеңде тиісті сайлау комиссиясына мәслихат депутаттығына кандидатты партиялық тізімнен шығару не кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жою туралы тиісті ұсынумен жүгіне алады.<br>Қоғамдық бірлестік дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кез келген уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсынумен жүгіне отырып, мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну туралы өз шешімінің күшін жоя алады.»; | **өкілдігінің)** басшы органы дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркеуге дейінгі және одан кейінгі **кез келген уақытта** тиісті сайлау комиссиясына мәслихат депутаттығына кандидатты партиялық тізімнен шығару не кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жою туралы тиісті ұсынумен жүгіне алады.<br>Қоғамдық бірлестік**тің, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің)** басшы органы дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кез келген уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсынумен жүгіне отырып, мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну туралы | мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қабылдауына байланысты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өз шешімінің күшін жоя алады.»; | | |
| 77. | жобаның 1-бабы 1-тармағының 73) тармақшасы | 108-бап. Мәслихат депутатын сайлау кезінде дауыстарды санау<br>1. Учаскелік сайлау комиссиясы аудандық (қалалық) және облыстық мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде дауыс беру нәтижелері бойынша хаттамалар жасайды, олар дереу тиісті сайлау комиссиясына (аудандық, қалалық, қаладағы **аудандық**) жіберіледі.<br>2. Аудандық, қалалық сайлау комиссиялары дауыс беру нәтижелері бойынша **учаскелік** сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау күнінен бастап екі күн мерзімнен кешіктірмей аудандық және қалалық мәслихаттарға депутаттар сайлау қорытындыларын белгілейді. | 73) 108-бапта:<br>1-тармақта:<br>«қаладағы аудандық» деген сөздерден кейін «, округтік» деген сөзбен толықтырылсын;<br>мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«Округтік сайлау комиссиялары округ бойынша дауыс беру нәтижесі жөніндегі хаттамаларды тиісті аумақтық сайлау комиссияларына жібереді.»;<br>2-тармақтағы «учаскелік» деген сөз «округтік» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>3-тармақтың бірінші бөлігі «қаладағы аудандық» деген сөздерден кейін «, округтік» деген сөздермен толықтырылсын; | **73) тармақша «аудандық» деген сөзден кейін «, округтік» деген сөзбен толықтырылсын;**<br>мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын::<br>"Округтік сайлау комиссиялары округ бойынша дауыс беру нәтижесі бойынша хаттамаларды **тиісті аумақтық** сайлау комиссияларына жібереді.»;<br><br>алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2-тармақтағы «**учаскелік**» деген сөз «**округтік**» деген сөзбен ауыстырылсын;». | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |
| 78. | жобаның 1-бабы 1-тармағының 75) | 112-бап. Мәслихаттар депутаттарын тіркеу | 75) 112-бапта: | мынадай редакцияда жазылсын: | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармақшасы-ның екінші абзацы | 1. Тиісті **аумақтық** сайлау комиссиясы сайланған мәслихаттар депутаттарын тіркейді.<br>2. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының ұсынуы немесе азаматтардың өтініштері бойынша, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды бұзушылық орын алса, мәслихат депутаттарын сайлауды жарамсыз деп тани алады және мәслихат депутаттарын тіркеуден бас тарта алады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясының осы шешіміне қабылданған күнінен бастап он күн ішінде партиялық тізімді ұсынған саяси партия сотқа шағым жасай алады, сот он күн мерзімде шешім қабылдайды. | **1 және 2-тармақтағы «аумақтық» деген сөз алып тасталсын;** | **«1-тармақтағы «аумақтық» деген сөз алып тасталсын;».** | **Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.**<br>**Дүйсенбинов Б.С.**<br>**Магеррамов М.М.**<br>**Нұркина А.Қ.**<br>**Рахымжанов Ә.М.**<br>**Сартбаев Б.М.**<br>**Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы. | |
| 79. | жобаның 1-бабы 1-тармағының 77) | 13-1-тарау. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қала, ауыл, | 77) 13-1-тараудың тақырыбындағы «Қазақстан | 77) тармақша **алып тасталсын.** | **Депутаттар**<br>**Қожахметов А.Т.**<br>**Имашева С.В.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармақшасы | кент, ауылдық округ әкімін сайлау | Республикасының аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау» деген сөздер «Әкім сайлауы» деген сөздермен ауыстырылсын; | | **Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.**<br>**Дүйсенбинов Б.С.**<br>**Магеррамов М.М.**<br>**Нұркина А.Қ.**<br>**Рахымжанов Ә.М.**<br>**Сартбаев Б.М.**<br>**Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы. | |
| 80. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 78) тармақшасы-ның алтыншы абзацы | 113-1-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлауды тағайындау<br>1. Мыналар:<br>1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің заңда белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуы;<br>2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы немесе заңда белгіленген жағдайларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қайта ұйымдастырылуы сайлауды | 78) 13-1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:<br>«13-1 тарау. Әкім сайлауы<br>113-1-бап. Әкім сайлауын тағайындау<br>1. Сайлауды тағайындау үшін:<br>1) әкімнің заңда белгіленген өкілеттіктері мерзімінің аяқталуы;<br>2) заңда белгіленген жағдайларда әкімнің өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы немесе **тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің** | 78) тармақшаның алтыншы абзацындағы **«тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қайта ұйымдастырылуы (қосу, қайта құру, бөліп шығару немесе бөліну)»** деген сөздер **«әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрылуы, шекараларының өзгеруі (қосылуы, бөлініп шығуы немесе бөлінуі)»** деген сөздермен ауыстырылсын;<br>жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: | **Депутаттар**<br>**Қожахметов А.Т.**<br>**Имашева С.В.**<br>**Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.**<br>**Дүйсенбинов Б.С.**<br>**Магеррамов М.М.**<br>**Нұркина А.Қ.**<br>**Рахымжанов Ә.М.**<br>**Сартбаев Б.М.**<br>**Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тағайындауға негіз болып табылады. | **қайта ұйымдастырылуы (қосу, қайта құру, бөліп шығару немесе бөліну)** негіз болып табылады.<br>Әкімшілік аумақтық бірлікті қайта ұйымдастыру (қосу, қайта құру, бөліп шығару немесе бөліну) кезінде сайлау жаңадан құрылған әкімшілік аумақтық бірлікте ғана тағайындалады. | "Әкімшілік-аумақтық бірлік **құрылған, шекарасы өзгерген (қосылған, бөлініп шыққан немесе бөлінген) кезде** сайлау жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірлікте ғана тағайындалады.».<br><br>*Оныншы абзацта осыған ұқсас түзетулер көзделсін.* | Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес. | |
| 81. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 78) тармақшасы-ның сексен тоғызыншы абзацы және жаңа тоқсан екінші абзацы | 113-5-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидаттарды тіркеу<br>…<br>11. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы:<br>…<br>**7) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес декларацияны беру кезінде кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған** | 113-5-бап. Әкім болуға кандидаттарды тіркеу<br>…<br>11. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:<br>…<br>**7) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, декларацияны беру кезінде кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы)** | сексен тоғызыншы абзац **алып тасталсын;**<br><br>мынадай мазмұндағы тоқсан екінші абзацпен толықтырылсын:<br><br>**"Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы декларацияны тапсыру кезінде кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы** | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған;** | **декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған;** | **мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.»;** | қимыл туралы» Заңның 11-бабының 8-тармағына сәйкес. | |
| 82. | жобаның 1-бабы 1-тармағының 79) тармақшасы | **13-2-тарау. Жоқ** | 79) мынадай мазмұндағы 13-2-тараумен толықтырылсын:<br>«13-2-тарау. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша<br><br>Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын кері шақырып алу<br>113-12-бап. Кері қайтарып алуға бастама жасау<br>1. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша **депутаттың мандатын кері қайтарып алуға** сайлаушылардың | 79) тармақшада:<br>бүкіл мәтін бойынша тиісті тұлғадағы **«мандатты кері қайтарып алу»**, **«депутатты кері шақырып алу»**, **«депутаттың мандатын кері қайтарып алу»** деген сөздер сәйкесінше **«бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу»** деген сөздермен ауыстырылсын; | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Конституцияның терминологиясына сәйкес келтіру және заң жобасының мәтіні бойынша терминдерді бірізді қолдану. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сенімін жоғалту, оның ішінде сайлау алды бағдарламасын орындамауға байланысты сенімді жоғалту негіз болып табылады.<br>2. **Мандатты кері қайтарып алуға** бастама жасау депутат жұмыс істеген бірінші **жылдың соңына дейін** және соңғы жылында қолданыла алмайды.<br>**Кері қайтарып алуға** қайтадан бастама жасауды дауыс беру қорытындылары жарияланған кезден бастап депутаттың мандаты сақталатын бір жыл өткенге дейін қолдануға болмайды.<br>3. **Депутаттың мандатын кері қайтарып алуға** бастама жасау құқығы тиісті бірмандаттық сайлау округінің сайлаушыларына тиесілі. | «**жылдың соңына дейін**» деген сөздер «**жыл ішінде**» деген сөздермен ауыстырылсын; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 113-13-бап. **Мандатты кері қайтарып алуға** бастама жасау және бастамашы топты қалыптастыру тәртібі<br><br>1. Тиісті бірмандаттық сайлау округінің сайлаушысы **кері қайтарып алуға** бастама жасау негіздерін баяндай отырып, **депутаттың мандатын кері қайтарып алу** туралы өтінішпен тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жүгінеді.<br>2. Сайлау комиссиясы өтінішті осы Конституциялық заңның 113-14-бабының және осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкестігін қарап шығып, өтінішті тіркегені не тіркеуден бас тартқаны туралы бастамашыны және жоғары тұрған комиссияны үш күннен | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | кешіктірмей хабардар етеді.<br>Өтінішті тіркеуден бас тартуға бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.<br>3. Аумақтық сайлау комиссиясы депутатты кері шақырып алу жөнінде қол жинау үшін өзінің интернет-ресурсында қол қою парақтарын орналастырады, оның нысанын Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.<br><br>113-14-бап. Қол жинау тәртібі мен мерзімдері<br><br>1. **Мандатты кері қайтарып алу** үшін азаматтардың қолын жинауды бастамашы тиісті аумақтық сайлау комиссиясында өтініш тіркелген күннен бастап | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | күнтізбелік отыз күн ішінде ұйымдастырады.<br>2. Қол жинау мерзімі аяқталғаннан кейін:<br>1) тиісті бірмандаттық аумақтық сайлау округі сайлаушылары жалпы санының он пайызынан астамының қолы жиналған кезде бастамашы қол қою парақтарын тиісті сайлау комиссиясына береді;<br>2) қойылған қолдар саны тиісті бірмандаттық аумақтық сайлау округі сайлаушылары жалпы санының он пайызына жетпеген не тиісті сайлау комиссияларына қол қою парақтары ұсынылмаған кезде тиісті сайлау комиссиясы қол қою парақтарын жарамсыз деп тану туралы, **кері қайтарып алу** жөніндегі қызметті тоқтату туралы шешім қабылдайды. | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тиісті сайлау комиссиялары он күн мерзімде құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлерін тарта отырып, осы бірмандаттық аумақтық сайлау округі азаматтарының қолдарының растығын және тұрғылықты жерін қол қою парақтарында тексереді.<br>3. Әрбір азамат қол қою парағына тек бір рет қана қол қоюға құқылы. Азаматтың қолы оның тегін, атын, әкесінің атын, тіркеу орнын, жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін**, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматы паспортының деректерін** және параққа қол қойылған күнін толық көрсете | он тоғызыншы абзацтағы «**, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматы паспортының деректерін**» деген | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | отырып толықтырылады.<br>4. Белгіленбеген үлгідегі қол қою парақтары жарамсыз болып табылады.<br>Осы баптың талаптарын бұза отырып толтырылған қол қою парақтары дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.<br><br>113-15-бап. Дауыс беруді өткізу тәртібі мен мерзімдері<br><br>1. Тиісті сайлау комиссиясы ұсынылған қол қою парақтары осы Конституциялық заңның 113-16-бабының **және осы баптың** талаптарына сәйкес келген кезде анықтығын тексеру мерзімі өткен соң бір күннен кешіктірмей **мандатты кері қайтарып алу** бойынша дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды. | сөздер алып тасталсын;<br><br>жиырма үшінші абзацтағы «және осы баптың» деген сөздер алып тасталсын; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2. Тиісті сайлау комиссиясы дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей депутатқа **оның мандатын кері қайтарып алу жөнінде хабарлама** жібереді.<br>3. **Мандатты кері қайтарып алу** бойынша дауыс беру дауыс беруді тағайындау туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.<br>4. Тиісті сайлау комиссиясы дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдаған кезден бастап депутатқа және **кері қайтарып алу** бастамашысына:<br>Парламент **Мәжілісі депутатының мандатын кері қайтарып алуға** қатысты – күнтізбелік бес күн ішінде;<br>мәслихаттар **депутаттарының** | жиырма төртінші абзацтағы «**оның мандатын кері қайтарып алу жөнінде хабарлама**» деген сөздер «**оны кері шақырып алу бойынша дауыс беруді өткізу туралы хабарлама**» деген сөздермен ауыстырылсын; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **мандатын кері қайтарып алуға** қатысты – күнтізбелік үш күн ішінде үгіт жүргізу құқығы беріледі.<br><br>113-16-бап. Кері шақырып алу бойынша дауыс беру тәртібі<br><br>1. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарды кері шақырып алу дауыс беруді өткізу арқылы жүзеге асырылады.<br>2. Дауыс беру осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, депутаттарды сайлау сияқты тәртіппен өткізіледі.<br>3. Егер дауыс беруге тиісті аумақтық сайлау округі сайлаушыларының кемінде үштен бірі қатысса, дауыс беру өткізілді деп есептеледі.<br>4. Егер дауыс беруге қатысқан | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сайлаушылардың елу пайызынан астамы кері шақырып алуды жақтап дауыс берсе, **Парламент Мәжілісінің немесе мәслихаттың депутаты** кері шақырып алынған болып есептеледі.<br>5. **Мандатты кері қайтарып алу** бойынша дауыс беру қорытындылары Орталық және аумақтық сайлау комиссиясының отырысында шығарылады, хаттамамен ресімделеді, оған төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және комиссия мүшелері қол қояды.<br>Сайлау комиссиясының мандаттан айыру туралы ресми хабары дауыс беру өткізілген күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат | отыз үшінші абзацтағы «**Парламент Мәжілісінің немесе мәслихаттың депутаты**» деген сөздер «**Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутат**» деген сөздермен | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | құралдарында жарияланады.<br>6. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутатты мандатынан айырған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы осы Конституциялық заңның ережелеріне сәйкес депутаттар сайлауын тағайындайды.»; | ауыстырылсын; | | |
| 83. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 79) тармақшасы-ның отыз төртінші абзацы | **Жоқ** | 113-16-бап. Кері шақырып алу бойынша дауыс беру тәртібі<br>…<br>5. **Мандатты кері қайтарып алу** бойынша дауыс беру **қорытындылары** Орталық және аумақтық сайлау комиссиясының отырысында шығарылады, хаттамамен ресімделеді, оған төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және комиссия мүшелері қол қояды.<br>Сайлау комиссиясының мандаттан айыру | Отыз төртінші абзацта:<br>«**Мандатты кері қайтарып алу**» деген сөздер «**бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Парламент Мәжілісінің немесе мәслихаттың депутатын кері шақырып алу**» деген сөздермен ауыстырылсын;<br><br>«**қорытындылары**» деген сөзден кейін «**тиісінше**» деген сөзбен толықтырылсын; | **Депутаттар**<br>**Қожахметов А.Т.**<br>**Имашева С.В.**<br>**Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.**<br>**Дүйсенбинов Б.С.**<br>**Магеррамов М.М.**<br>**Нұркина А.Қ.**<br>**Рахымжанов Ә.М.**<br>**Сартбаев Б.М.**<br>**Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>Редакциясын нақтылау. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | туралы ресми хабары дауыс беру өткізілген күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. | | | |
| 84. | жобаның 1-бабы 1-тармағы 80) тармақшасы-ның екінші-он бірінші абзацтары | **Жоқ** | 79) 133-бапта:<br>мынадай мазмұндағы **төртінші және бесінші** бөліктермен толықтырылсын:<br>**«Осы Конституциялық заңның 17-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:**<br>**«2) тиісті сайлау учаскесіндегі сайлаушылар саны екі мыңнан астам болған кезде жетіден он бір** | 80) тармақшада:<br>екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>«мынадай мазмұндағы **төртінші** бөлікпен толықтырылсын:»;<br><br>үшінші және төртінші абзацтар **алып тасталсын;**<br><br>бесінші – он бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>«Осы Конституциялық заңның 113-1-бабының 1 және 2-тармақтарының қолданысы 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақтар мынадай редакцияда | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **мүшеге дейін айқындайды.».** Аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауына қатысты осы Конституциялық заңның 113-1-бабының 1 және 2-тармақтары 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін: «113-1-бап. Әкім сайлауын тағайындау 1. Сайлауды тағайындау үшін: 1) пилоттық өңірлердің тізбесін және аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің сайлауын өткізу күнін белгілеу туралы мәслихаттың шешімі; 2) заңда белгіленген жағдайларда, аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын | қолданылады деп белгіленсін: «1. Сайлауды тағайындау үшін: 1) аудандық маңызы бар қала, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімінің заңда белгіленген өкілеттіктер мерзімінің аяқталуы; 2) пилоттық өңірлердің тізбесін және аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің сайлауын өткізу күнін белгілеу туралы мәслихаттың шешімі; 3) заңда белгіленген жағдайларда, аудан, облыстық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы немесе әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру, шекараларын өзгерту (қосу, бөліп шығару немесе бөлу) негіз болып табылады. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тоқтату немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті қайта ұйымдастыру негіз болып табылады.<br>Әкімшілік аумақтық бірлікті қайта ұйымдастыру (қосу, қайта құру, бөліп шығару немесе бөліну) кезде сайлау жаңадан құрылған әкімшілік аумақтық бірлігінде ғана тағайындалады.<br>2. Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің сайлауын тиісті аумақтық сайлау комиссиясы мәслихаттың шешімімен белгіленген аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің сайлауын өткізетін күнге дейін кемінде елу күн бұрын тағайындайды және осы Конституциялық заңның 113-3-бабының 6-тармағында және 113-9-бабында көрсетілген жағдайларды | Әкімшілік-аумақтық бірлікті құру, шекараларын өзгерту (қосу, бөліп шығару немесе бөлу) кезінде сайлау жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірлікте ғана тағайындалады.<br>2. Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің сайлауын тиісті аумақтық сайлау комиссиясы мәслихаттың шешімімен белгіленген аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің сайлауын өткізетін күнге дейін кемінде елу күн бұрын тағайындайды.<br>Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауын тиісті аумақтық сайлау комиссиясы әкімнің өкілеттіктері мерзімі аяқталғанға дейін кемінде елу күн бұрын тағайындайды. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қоспағанда, мәслихаттың шешімімен белгіленген күні өткізілуге тиіс.». | Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің сайлауы осы Конституциялық заңның 113-3-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде және 113-9-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мәслихаттың шешімімен белгіленген күні өткізілуге тиіс.<br>Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауы осы Конституциялық заңның 113-3-бабының 6-тармағының бірінші бөлігінде және 113-9-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, оның заңда белгіленген өкілеттіктері мерзімі аяқталғанға дейін кемінде он күн бұрын өткізілуге тиіс.». | | |
| **«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 85. | жобаның 1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы | 8-бап. Республика Парламенті сессияларының жариялылығы<br>...<br>2. Республиканың Президенті, Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелері, Ұлттық Банк Төрағасы, Бас Прокуроры, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, сондай-ақ Мемлекеттік **Хатшысы** мен Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы кез келген, ашық, сондай-ақ жабық отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге хақылы. | 2) 8-баптың 2-тармағындағы «Хатшысы мен Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы» деген сөздер «кеңесші, Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл» деген сөздермен толықтырылсын; | 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>"2) 8-баптың 2-тармағындағы "**Хатшысы**" деген сөз "**кеңесші**" деген сөзбен ауыстырылсын;". | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М. Симонов С.А. Шиповских Г.Г.**<br><br>Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 19) тармақшасындағы өзгерістерге сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |
| 86. | Жобаның 1-бабы 2-тармағының жаңа 4) тармақшасы | 10-бап. Республика Парламентінің үйлестіруші органдары<br>1. Парламенттің үйлестіруші органдары Палаталар төрағаларының жанынан құрылатын Сенаттың Бюросы және Мәжілістің Бюросы болып табылады. | **Жоқ** | мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:<br>«4) 10-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы **«заңдардың жобаларын және Парламент пен оның Палаталарының өзге** | **Депутаттар Қожахметов А.Т. Имашева С.В. Абдрахманов С.А. Әлтай А.Д. Бижанова Г.Қ. Дүйсенбинов Б.С. Магеррамов М.М. Нұркина А.Қ. Рахымжанов Ә.М. Сартбаев Б.М.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. Палаталар Бюроларының құрамына Палаталар төрағаларының орынбасарлары, Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағалары кіреді. Мәжіліс Бюросының құрамына Мәжілісте өкілдік ететін саяси партиялар фракцияларының жетекшілері де енеді.<br>3. Палаталардың Бюролары:<br>1) Палаталардың комитеттері мен комиссияларының жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;<br>2) Палаталар үшін **заңдардың жобаларын және Парламент пен оның Палаталарының өзге де шешімдерін** қараудың кезектілігі жөнінде ұсыныстар дайындайды;<br>... | | **де шешімдерін**» деген сөздер «**Парламент пен оның Палаталарының отырыстарында мәселелерді**» деген сөздермен ауыстырылсын;»; | **Симонов С.А.**<br>**Шиповских Г.Г.**<br><br>Редакциясын нақтылау. | |
| 87. | жобаның 1-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацы | 15-бап. Заң шығару бастамашылығы<br>…<br><br>3. **Республика** Президенті, депутаттар | 4) 15-бапта:<br>3-тармақтағы «**Республика**» деген сөз «**Осы баптың 3-1-тармағында көзделген жағдайларды** | 4) тармақшада:<br>3-тармақтағы «**заң актілерінің жобалары**» деген сөздер «**заңнамалық актілердің жобалары** | **Депутаттар**<br>**Қожахметов А.Т.**<br>**Имашева С.В.**<br>**Абдрахманов С.А.**<br>**Әлтай А.Д.**<br>**Бижанова Г.Қ.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
